

«Бекітемін»
ОБЖТЖЭО-ның директоры
В.П.Фомин

**Облыстық «Туған өлкем - Ақжайық»
виртуалды-өлкетану энциклопедиясының
ЕРЕЖЕСІ**

**“Біздің жастарымыз оқуға, жаңа ғылым мен білімді игеруге,
жаңа машықтар алуға, білім мен технологияны күнделікті өмірде
шебер де тиімді пайдалануға тиіс”**

Н.Ә. Назарбаев

I. Жалпы түсінік

Бұл ереже облыстық **Облыстық «Туған өлкем - Ақжайық» виртуалды-өлкетану энциклопедиясының** (бұдан әрі: Виртуалды энциклопедия) мақсаты мен міндетін, өткізілу тәртібін анықтайды.

II. Мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: Жасөспірімдерді Отанын сүйуге, патриоттыққа тәрбиелеу, өлкеміздің тарихи-мәдени мұрасын тануға қызығушылығын арттыру және Батыс Қазақстан облысы туралы виртуалды деректерді толықтыру.

Міндеттері:

- өлкетану ісіне баулу;
- бос уақыттарын тиімді пайдалану;
- өлкетанулық интернет - ресурстар сұранысын толықтыру.

III. Мезгілі және қатысушылар

Виртуалды энциклопедияға материалдар үздіксіз қабылданады. Жүйелеу, талқылау жұмыстары:

I кезеңде - 2016 жылдың 1 ақпаннан – 1 маусым;

II кезеңде –2016 жылдың 1 маусым - 15 желтоқсан

Виртуалды энциклопедияға өлкетанушылар, тарихшылар, қосымша білім беру педагогтары (ҚБП), жас өлкетанушылар (өлкетану үйірмесінің мүшелері), аудандық, облыс музей ұжымдары және мектеп музейінің жетекшілері мен белсенділері, аудандық, облыстық, қалалық, мектеп кітапханашылары мен ата-аналар қатыса алады.

IV. Энциклопедия ресурстары

I. «Ауыл шежіресі» Елді мекеннің тарихы (аудан орталығына орналасу қашықтығы; өзен, көл жағасына орналасу қашықтығы; географиялық орналасуы; өзен қашықтығына; табиғи-климаттық жағдайлар; құрылған қоныстар; негізін қалаушының аты; атауының шығу тегі, өзгеруі, соған байланысты аңыздар, ауылдың аты, (қаланың, облыстың) шығу, құрылу, аталу тарихы, картасы, жер көлемі, жер-су атаулары, фотосы; мәдениеті, ауылдағы жүрекке жақын орын, қариялардың естеліктерінен, ауылдың заманауи өмірі қамтылуы керек.

II. «Балалар туризмінің тарихы» - Батыс Қазақстан облысы көлемінде балалар туризмі, өлкетану және экология бағыттары бойынша 20 жылдан артық еңбек еткен жетекшілер, ардагерлер туралы материалдар, олардың қызықты маршруттары, оқушыларының жетістігі;

III. «Ескерткіштер ел тарихы» - тарихи-мәдени ескерткіштер жайлы материалдар жинақтау, жаңадан бой көтерген ескерткіштер туралы мәлімет беру, ауылдағы ескерткіштер тарихы туралы, археологиялық ескерткіштер –қалашықтар мен қалалар; ежелгі қоныстардың қалдықтары; обалар; адамның еңбек қызметін сипаттайтын ескерткіштер; тасқа және үңгірде қашалған жазулар; табылған жекелеген қазбалардың

орындары, көнеден қалған тарихи ескерткіштері балбал тастардың орналасқан жерлерін анықтап, олардың тарихи құндылығын зерттеген материалдар мен фотолар;

IV. «Ұлы дала перзенттері» - өлкеміздегі танымал (ғалымдар, ұстаздар, дәрігерлер, еңбек, соғыс ардагерлері, мәдениет т.б.) адамдар туралы мәлімет;

V. «Даланың жазылмаған дастандары» - ауыл тарихына байланысты естеліктер, аңыз әңгімелер, ауылдан шыққан тарихи тұлғалар: билер, батырлар өмірі, ерлік істері, ауылдың тарихи кезеңдегі келбеті, т.б. туралы мақалалар;

VI. «Құнды жәдігерлер сыры» - мектеп музейлеріндегі сақталған құнды жәдігерлердің тарихы, суреті, музейдегі орны, әр түрлі тапсырған адам туралы мәлімет;

VII. «Өзінді өзін тексер!» жас өлкетанушылар берілген виртуалды сұрақтарға жауап береді.

V. Қойылатын талаптар

Материалдардың барлығы тек қана электронды түрде evrasia_centre@mail.ru почтасына «*Туған өлкем - Ақжайық*» виртуалды-өлкетану энциклопедиясы» деп салынады.

Мақала: Виртуалды энциклопедияның алдында тұрған басты мәселелердің бірі – мақалалардың сапасы. Қоғам белсенділігінің арқасында дамитын ашық энциклопедиядағы ақпараттар қорының объективті, дәл болуы оған пайдаланушылардың сенімін арттыратындықтан жұмыстар Microsoft Word и Power Point бағдарламасымен орындалып, пайдаланылған әдебиеттер көрсетілуі қажет. Барлық жұмыстар электронды түрде жіберіледі. Міндетті түрде автордың аты жөні толық, қызметі, оқушы болса сыныбы, үйірмесі, мектебі, ауылы, ауданы жазылуы керек. Осы талаптар орындалған жағдайда мақала жарияланады. Әр ресурста мақала альфавиттік тәртіппен орналастырылады. Фотоның өлшемі JPEG электронды версиясы өлшемі 800x800 - 1200x1200 px. Бір файлда бір фото болуы тиісті.

Интернет ресурстарды пайдалануға (көрсетілуі керек) болады.

Координатор:өлкетану бөлімі, Қайрлиева Құралай Жауынбайқызы Мекен-жайымыз: 090004 БҚО, Орал қаласы, Исатай батыр көшесі 71/1, Облыстық балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы. Тел: 8(7112) 52-59-42, факс: 52-58-87, 8 701 635 85 86, 8 771 278 67 40 Электрондық пошта: E-mail: evrasia_centre@mail.ru